



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы қаласында экономика саясаты мәселелеріне арналған  
ғылыми-практикалық конференция өтіп жатыр

Алматы қ.

2026 жылғы 30 сәуір

Алматы қаласында «**Экономикалық саясатты интроспективті талдау: күтулерден шешімдерге дейін**» тақырыбына арналған Қазақстан Ұлттық Банкінің VI ғылыми-практикалық конференциясы [өтіп жатыр](#).

Іс-шараға Ұлттық Банктің аналитиктері, академиялық қауымдастықтың, халықаралық қаржы институттары мен зерттеу орталықтарының өкілдері, сондай-ақ экономика және қаржы саласындағы тәуелсіз сарапшылар қатысуда.

Конференцияда күтілетін инфляцияның қалыптасуындағы мінез-құлқы және коммуникация аспектілері, макроэкономикалық шоктардың фискалдық тұрақтылыққа әсері, жүйелі тәуекелдерді қалыптастырудағы кредит нарығының рөлін қамтитын зерттеу нәтижелері ұсынылды.

*«Ұсынылған жұмыстардың тақырыбы өзекті экономикалық сын-қатерлер негізінде таңдалып, өзара байланысы бар негізгі процестерді қамтиды. Яғни күтілетін инфляцияның қалыптасуы мен орталық банктің коммуникация тиімділігінен бастап мемлекеттік қаржының тұрақтылығына, кредиттік циклге және тәуекелдерді бағалауға дейін. Экономика – үй шаруашылықтарының мінез-құлқы, бизнестегі шешімдер мен мемлекеттің әрекеттері өзара тығыз байланысатын біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Осы жүйеде ақпараттық сигналдар, макроэкономикалық шоктар және құрылымдық ерекшеліктер даму траекториясы мен қаржы тұрақтылығының деңгейін айқындайды», – деп атап өтті ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары Виталий Тутушкин.*

Ғылыми конференцияның дискурсында кредиттеу құрылымы, кредиттік цикл және қаржы тұрақтылығы арасындағы өзара байланыс мәселелері мен отандық капитал нарығының дербес әрі корпоративтік деңгейлердегі осал факторлары да қарастырылды.

Жалпы алғанда VI ғылыми-практикалық конференция аясында 9 зерттеудің нәтижесі ұсынылды.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)